Ақпараттық-түсіндіру науқанын іске асыру бойынша консультациялық қызметтер, № KZEMP/CQS-02 келісім-шарт

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ТАНЫТУҒА СҰРАУ САЛУ

ҚАЗАҚСТАН

«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ» ЖОБАСЫ

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Тапсырманың атауы: **Ақпараттық-түсіндіру науқанын іске асыру бойынша консультациялық қызметтер, № KZEMP/CQS-02 келісім-шарт.**

Қазақстан Республикасының Өкіметі мен Халықаралық қайта құру және даму банкінің (бұдан әрі – Дүниежүзілік банк) бірлескен «Білім беруді жаңғырту» жобасы (бұдан әрі – Жоба) 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде жүзеге асады. Осы жобаның мақсаты ауылдық және осал мектептердегі орта білім беру жүйесінің сапасын арттыру, білім берудегі қолжетімділік пен тепе-теңдікті ұлғайту. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі (бұдан әрі – Министірлік) атқарушы агенттік болып табылады.

Министрлік ақшаның бір бөлігін жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуін бағалау және үш тілдік білім беруге көшуді бағалау бойынша консультациялық қызметтерге жұмсауды көздеп отыр.

Мақсаты:

- Жоба мақсаттары, іс-шаралары және жетістіктері туралы қоғамның хабардар болуы
- Жобаның іс-шараларына қоғам сенімінің жоғарлауы мен қолдауын және қоғамның жоба нәтижелерімен қанағаттануын қамтамасыз ету
- Ақпарат алмасу арқылы Жобаның бенефициарларымен байланысты күшейту
- Жобаның іс-шаралары бойынша кері байланыс пен мәселелерін шешу үшін тиімді механизм әзірлеу, Жобаның рөлі мен одан күтілетін нәтижелер туралы хабарландыру
- Ақпараттық науқан тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу

Тапсырманың күтілетін ұзақтығы:

12 ай.

Қызмет көлемі:

1-тапсырма. Баспасөз басылымдарында және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) сапалы ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру.

2-тапсырма. Ақпараттық-түсіндірмелік науқанды әлеуметтік желілерде іске асыру.

3-тапсырма. Келеңсіздіктерді бейтараптандыру мақсатында сарашыларды тарту.

4-тапсырма. Электронды БАҚ және республикалық телеарналарда жариялау мақсатында бейнематериалдарды жасау және орналастыру.

5-тапсырма. Жыл сайынғы ұлттық Форумды ұйымдастыру, өткізу және ол туралы ақпаратты тарату.

6-тапсырма. Полиграфиялық өнімдердің дизайнын жасау, беттеу және қағазға шығару.

7-тапсырма. Ай сайынғы медиа-мониторингті және сараптаманы жасау.

8-тапсырма. Жобаның Кері байланыс механизмін іске асыру және басқару.

Күтілетін нәтижелер:

Консультант келесі нәтижелерді қамтамасыз етуге міндетті:

- Жобаның негізгі іс-шаралары туралы ақпарат электронды БАҚ пен баспасөз басылымдары арқылы кең таратылған. Жобаның мақсаттары, міндеттері, іс-шаралары мен нәтижелері туралы бенефициарлар және жалпы қоғам жоғары деңгейде хабардар;

- Нысаналы топтарға анық түрде Жобаның шынайы нәтижелері және ауыл мектептеріне арналған мультимедиа жабдықтары мен оқу материалдары жеткізілген өңірлердегі жағдайдың жақсаруына әсері көрсетілген;

- Қоғамдық қолдау мен Жобаның іс-шараларына сенімнің жоғарлауы қамтамасыз етілген;

- Жоба бойынша Кері байланыс пен мәселелерді шешу механизмі жұмыс жасауда. Бұл механизмнің тиімділігі оның шешілген мәселелері мен бенефициарлардан қазіргі уақытта алынатын кері байланыс санының артуымен дәлелденеді.

- Ақпараттық-түсіндіру науқанының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі құзырлы компанияларды осы тапсырманы орындау үшін қызығушылық танытуға шақырады. Қызығушылығы бар компаниялар қызметті атқару үшін қажетті біліктілік туралы ақпаратты (брошюра, портфолио, жұмыс тәжірибесі мен осыған ұқсас тапсырмалардың сипаттамасы, білікті қызметкерлердің болуы және т.б.) қамтамасыз етуі керек. Қысқа тізімге компанияларды іріктеуге арналған критерийлер:

Консультантқа (компанияға) қойылатын талаптар:

1. Қазақстанда PR саласында қызмет көрсету тәжірибесі кем дегенде 3 жыл және дәлелденген бюджеті 30-50 млн. теңгеден асатын келісім-шарттар болуы қажет (кепілдеме хаттар, жобалардың портфолиосы);
2. Республикалық БАҚ-тармен қарым-қатынасқа түсу тәжірибесі, интернеттегі БАҚ-тарға эксклюзивті орналастыру келісім-шарттарының болуы;
3. Google Analytics-тың деректеріне сай күн сайын кем дегенде 500 000 адам кіретін Қазақстандағы үлкен интернет порталдарының біреуімен ынтымақтастық туралы келісім-шарттың болуы;
4. PR жобаларында халықаралық компаниялармен жұмыс істеу тәжірибесі;
5. Республикалық деңгейдегі конференцияларды ұйымдастыру мен өткізу тәжірибесі.

Қызығушылық танытқан компаниялар *Дүниежүзілік банктің нұсқаулығы: Дүниежүзілік банктің консультанттарды іріктеу және жұмысқа алу* **(2011 жылдың қаңтар айы және оған енгізілген 2014 жылдың шілде айындағы өзгерістер**) атты нұсқаулығының 1.9.-шы

Дүниежүзілік банкінің мүдделер қайшылығы жөніндегі саясатын түсіндіретін тармағына назар аударуы тиіс.

Біліктілікті арттыру мақсатында компаниялар өзара бірігуіне мүмкіндігі бар.

Компаниялар «Сапасы мен бағасына негізделген іріктеу» атты әдісті қолданып *Дүниежүлік банктің нұсқаулығы: Дүниежүлік банктің консультанттарды іріктеу және жұмысқа алу* **(2011 жылдың қаңтар айы және оған енгізілген 2014 жылдың шілде айындағы өзгерістер**) тәртібіне сай іріктеледі.

Барлық қызығушылық танытқан компаниялар уәкілетті басшының қолы қойылған pdf форматындағы ұсынысын келесі электронды поштаға m.kazybayev@eduproject.kz немесе поштамен төменде көрсетілген мекенжайға **2020 жылдың 14-ші ақпанына дейін** жеткізуі қажет.

Назарға: Сұлтан Ж.И., Жобаның үйлестірушісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қазастан Республикасы, 010000 Нұр-Сұлтан, Мәңгілік ел 10, 3-шы қабат, 304 офис, «Білім беруді жаңғырту» жобасы.

Егер де сұрақтар туындаған жағдайда Жобаны басқару жөніндегі топпен электронды пошта арқылы m.kazybayev@eduproject.kz немесе телефон арқылы +7 7172 645 794 хабарласуға болады.